

Сабақтың  
тақырыбы:  
“Адамдық келбет”

**ҚҰНДЫЛЫҒЫ: СҮЙІСПЕНШІ  
ЛІК.**

**ҚАСИЕТТЕРІ: ІЗГІЛІК,  
ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУ,  
ЖАНАШЫРЛЫҚ**

***Мақсаты:*** Оқушыларға адамдық келбет, адамдық борыш туралы түсіндіре отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу.

## ***Міндеттері:***


- Білімділік: Оқушыларды ізгілікті қарым – қатынас жасауға үйрету.
- Дамытушылық: Оқушылардың бойындағы жанашырлық қасиеттерін дамыту.
- Тәрбиелік: Оқушыларды жақсылық жасауға тәрбиелеу.

Әңгімелесу.

Сұрақтар:

1. Өлеңдегі «Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, «Менікі» өлсе өлсін, оған бекі» деген жолды қалай түсіндіңіздер?
2. Өлеңде ақын «Сонда өмірден алдамшы бола алмассың, Ол білдірмей ұрламақ қызығыңды» деген жолда не айтқысы келген деп ойлайсыздар?
3. Өлеңді қысқаша қалай түйіндер едіңіздер?
4. Өлеңнің негізгі ойынан қандай қасиеттерді көруге болады?
5. Өлеңнің түйінді идеясын тауып, өмірмен байланыстырып әңгімелеп беріңіздер.

## Дәйексөз



Адамдық борышың,  
Халқыңа еңбек қыл.  
Ақ жолдан айнамай,  
Ар сақта, оны біл.

## Шәкәрім

**Шәкәрім Құдайбердіұлы** (11 шілде (24 шілде) 1858-2 қазан 1931) – ақын, жазушы, философ, тарихшы, **композитор**. Абаймен замандас әрі інісі, әрі ол негізін салған реалистік әдебиет дәстүрлерін алға апарушы ізбасары.

Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіздер?



«Мен» деген әр адамның адамгершілік қасиеті, рухы, мейірімі, ал «менікі» деген оның тәні, оның еңбегімен жасалған, артта қалар дүние-мүлкі. Біз материалдық құндылықтардың — уақыттың еншісі яғни олар бүгін бар, ертең жоқ екенін, ал адамның жақсы ісі, адамгершілігі руханилығы мәңгілік болатынын ұғынуға тиістіміз. Материалдық дүние де адамға күнделікті өмірде қажет. Алайда оған қанағатшылықпен қарау, яғни барға риза болып, нәпсіге ермеу дұрыс әрекет. Қанағат ету — жетіспеушілікке, таршылыққа төзіп шыдау емес, ақылға сүйеніп, өзін-өзі тежеу, одан шығу жолын ақылмен, сабырмен іздеу. Күнделікті өмірде түрлі таңдаулар, жақсы да жаман да кездеседі. Осылардың аражігін ажыратып, тілек-қалауларды реттеп, тежеп отыратын — адамның руханилығы, ақыл-парасаты. Ақыл-парасат адамдарды жаман істерден, өмірдің өткенші ләззатына берілуден тежейді. Адамгершілікке тән адал қасиеттерді айтып, біліп қана қоймай оны ісіне, күнделікті өміріне арқау еткендерді нағыз адам, жақсы адам деуге болады.

#### **4. Оқиға айту (Мұғалім сыйы).**

##### **Ең бақыттыда бай адам туралы өсиет әңгіме**

Бір ауылда Адам өмір сүріпті. Ол басқа адамдардан кедей бола тұрса да көңілді өмір сүрді, басқа адамдарға риясыз қолынан келгенше: кейде сөзімен, кейде ісімен көмектесті. Ол жалғыз қалғанда Жоғары Бастаманы мадақтайтыны, өзіне құнды дарындар беріп, жақсылық жасағаны үшін Оған шын көңілімен алғысын айтатыны туралы, сөздер айтыла бастады. Бұл сөздер атақты абызға да жетті. Ол сол Адамға келіп, оның қандай дарындары үшін Жоғары Бастаманы мадақтап жатқанын көрмекші болды. Абыз кедей тұратын ұсқынсыз лашыққа келді:

- Қайырлы күн болсын саған!

Адам да күлімсіреп жауап берді:

- Мен үшін қайырлы емес күн болған күн есімде де жоқ деп жауап берді.

Бұған дейін ешкімнен мұндай жауапты естімеген Абыз, бұндай жауапқа таң қалды да, амандасуын басқаша айтып көрмекші болып шешті:

- Мен жәй ғана Жоғары Бастама саған бақыт берсін деп тілеймін.

Адам да таңданып, үн қатты:

- Мен еш уақытта бақытсыз болған емеспін.

Кедей ақсүйектермен жоғары мәнерде сөйлесуге үйренбеген ғой деп ойлаған абыз:

- Ол не дегенің?! Мен жәй ғана сенің өміріңде сәттілік болғаныңды тілеймін.



Адам одан ары таңданып, шынайы жауап берді:

- Менде сәтсіздік болған емес, қайырымды адам.

Абыз бұл кедейдің атақты кісіні танымағанын түсінді де, іске тезірек кіріспекші болды:

- Жәрайды, жалпы, өзіңе не тілейсің, соны мен саған тілеймін.
- Мен өзіме тілеймін?! – адам күлді. – Мен бірақ еш нәрсеге мұқтаж емеспін. Менде қалағанымның бәрі бар.

Қалайша?! – абыз таң қалды. – Сен кедейлік өмір сүріп жатырсың ғой! Тіпті бай адамдардың өзі көп нәрсеге мұқтаж, көп нәрсені қалайды, ал кедейлер баяғыдан мұқтаж.

Адам былай деді:

- Ол адамдар бақытсыз, бұл дүниенің бақытын іздейді және өздерінің қиялдарын жоғалтып алудан, бақытсыз болудан қорқып өмір сүреді. Бұл өмірдің қиялынан өзінің бақытын іздеген адам бақытсыз.
- Бірақ шынайы жалғыз ғана бақыт ол – Жоғары Бастамамен берік байланыста болу және Оның қалауымен өмір сүру. Мен уақытша сәттілікті іздемеймін, өйткені мендегі бар нәрсені Жоғары Бастама берген, сол үшін де ризамын. Бәрін: адамдардың қайғы дегенін де, бақытсыздық дегенін де қуанышпен қабылдаймын. Оның менің бойыма барлық құнды дарындарды беріп жақсылық жасағаны үшін, мен оған алғысымды айтамын.

Абыз күліп:

- Бірақ Жоғары Бастама саған ешнәрсе бермеді, демек сен Оған ризашылығыңды көзбояушылықпен білдіресің ба?

Адам былай деді:

- Жоғары Бастама мені көріп тұр, Ол менің барлық қалауларым мен мүмкіндіктерімді көріп тұр. Оның үнемі берген нәрселерімені рухани байлыққа жеткізеді.

Абыз:

- Сен қалай өмір сүріп жатырсың?

Адам:

Өмірім Жаратқанмен байланыста болып, Жоғары Бастаманың қалауымен бірлікте болуы үшін, менің күнделікті шаруам Жоғары Бастамамен тығыз байланыста болу және Оның қалауымен өмір сүру. Осылай менің күнім өтеді. Ал күн сайын жатар кезде мен Жоғары Бастамаға кетемін.

- Сен Жоғары Бастаманы қайдан тауып жүрсің?
- Ақиқатты тапқан кезде, барлық дүниелік қалауларымды киім сияқты күдіктерімнің жағалауында қалдырып, Оның Жандану суына таза ниеттеріммен және адал Арыммен кірдім.

Абыз күмәнданып қалды немесе ол осы уақытқа дейін осындай сөздерді айтатын осыншалық кедей адамды кездестірмеген еді.

- Айтшы, осылай өз сеніміңмен айтып тұрсың ба? Егер Жаратқан сенің Жаныңды тозаққа жіберемін десе де, сен ойыңды өзгертпейсің бе?

Адам:

- Күн сайын Жанымның бар құшағымен қысып Жоғары Бастамадан айырылмаймын. Менің Оған деген шынайы Сүйіспеншілігім шексіз. Құшағым сондай мықты, ал Оған деген сүйіспеншілігім шексіз болғандықта, Ол мені қайда жіберсе де, сол жерде менің қасымда болады. Егер ол менің қасымда болса мен неден қорқамын? Ол қай жерде болса мен үшін өмір сол жерде болады. Менің Жаным үшін Жоғары Бастамасыз жұмақта болғаннан, жұмақсыз да Онымен бірге болған қымбат.
- Сен өзі кімсің?! – Абыз таңданып та, қорқып та сұрады.
- Кім болсам да мен өз өміріме ризамын. Шындығында оны жер бетіндегі барлық өміршінің өмірі мен байлығына айырбастамас едім. Өзін-өзі басқара алатын, ой ойларына билік жүргізе алатын және Жаратқанға деген Сүйіспеншілігінің мықты құшағында болған әр адам бұл әлемдегі нағыз бай, нағыз бақытты адам.
- Айтшы, жарлы, сені осындай Даналыққа кім үйретті?
- Менің жалғыз ұстазым – Жаратушым. Өмірімнің әр күнінде мен бұл әлемде жақсылық жасауға тырысамын, сыйынамын, тақуалық ойлар ойлауға жаттығамын. Оның үстіне Жаратқанмен тығыз байланыста және Оның маған деген шексіз Сүйіспеншілігімен болуға әрекет етемін. Тек Жаратқанмен бірлікте болу ғана мені рухани жетілуге апарады. Жаратқанның Сүйіспеншілігіндегі өмір мені барлығына үйретеді.

## Сұрақтар:

1. «Жоғары Бастама» дегенді қалай түсінесіздер?
2. Мейірімді адам Ақиқатты қалай таниды?
3. «Жоғары Бастамамен бірігу мені рухани кемелдендіреді» дегенде мейірімді адам нені ойлаған?
4. Рухани кемелдену үшін сіздер не істейсіздер?
5. Өз тәжірибелеріңізден мысалдар келтіріңіздер.

## Шығармашылық жұмыс, топпен жұмыс.

1. Абайдың жетінші қарасөзін тыңдау арқылы келесі сұрақтарға жауап беру.
  1. Мәтінде айтылған тән құмарларының қажеттілігі шектен асса не болады деп ойлайсыздар?
  2. «Жан құмары» адамды қандай игіліктерге жеткізеді?
  3. «Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ» дегенді қалай түсінесіздер?
  4. Өздеріңіз жан мен тән сұраныстарын қалай реттеп отырсыздар? Қайсысын көбірек тыңдайсыздар? Неліктен?
  5. Осы мәтінді оқығаннан соң өздеріңізге пайдалы қандай қорытынды жасайсыздар?

**2-тапсырма.** Төменде берілген қанатты сөздерді оқып, олардың қайсысы адамның шынайы «Меніне», қайсысы «Менікіне» қатысты айтылғанын тауып, дәлелдеп беріңіздер.

а) Маған қолымнан келетін істі атқаруға қуат бер, қолымнан келмейтін іске ұмтылмайтын ерлік бер, осы екеуін бір-бірінен айыра алатын ақыл бер. (Шығыс ұлағаты).

ә) Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт, Ел бірлігін сақтаған татулықты айт. (Жамбыл).

б) Еркіндік десе ойыңа не келсе, соны жасайтындай ерікке ие болу деп түсінетіндер, еркіндіктің толқынында биікке жетіп алуға ұмтылатындар көп те, өз еркінді біреудің реттеуінсіз өзің ғана билей алатындай еркін өмір сүр деп түсінетіндер жоқтың қасы. (Әбіш Кекілбаев).

**3-тапсырма.**

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша түсіндірме сөздік пен жұмыс.

Сөздікте берілген сөздерді үш тілде (қазақша, орысша, ағылшынша) аудармасын жазу.

Мысалы : **Ақиқат** – Правда- True

**Пейіл-**

**Бақыт-**

**Ар-ұждан-**